

Индустриялық аймақтар құру тұжырымдамасы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 қарашадағы N 1098 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1294
Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1294 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Индустриялық аймақтар құру тұжырымдамасы б е к і т і л с і н .
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Индустриялық аймақтар құру тұжырымдамасы

Кіріспе

Осы Индустриялық аймақтар құру тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 8-тармағына сәйкес әзірленген.

Осы Тұжырымдамада индустриалық аймақтарды құрудың және оның жұмыс істеуінің перспективалық көрінісі белгіленген.

Тұжырымдаманы қабылдау республикада қазіргі кезеңде қалыптасқан экономикалық қатынастарды қалыпты дамытудың, оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету, елдің экономикасын әртараптандыру мақсатында индустриялық аймақтардың модельдерін неғұрлым тиімді пайдалану және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қажет.

1. Индустриялық аймақтар құрудың қазіргі заманғы жай-күйін талдау

Нақты өндірісті мемлекеттік ынталандырудың перспективалық құралдарының бірі индустриялық аймақтар құру болып табылады.

Индустриялық аймақтар 100 жылдан астам бұрын Ұлыбритания мен АҚШ-та пайда бола бастады. Батыс Еуропада индустриялық аймақтар 2-дүниежүзілік соғыстан кейін кеңінен қолданылды. Қазіргі уақытта әлемде 20000-нан астам индустриялық аймақтар бар. Бұл ретте Еуропада индустриялық аймақтар индустрияны құрылымдық қайта құрудың құралы ретінде қолданылып отырған кезде, Азия елдерінде аймақтарды құрудың негізгі мақсаты көбінесе елдің жедел экономикалық дамуы болып табылатындығы фактісін атап өтуге болады.

Осы тетік қазіргі уақытта»"Құрылыс материалдары" индустриялық аймағы құрылатын Астана қаласында және "Металлургия-металлөңдеу" индустриялық аймағы құрылатын Қарағанды облысында Қазақстандық кластерлік бастаманы іске асыру шеңберінде байқаудан өтуде.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңында индустриялық аймақтар ұғымы берілген, олардың мақсаты мен міндеттері айқындалған. Алайда қолданыстағы заңнамада индустриялық аймақтарды ұйымдастыру және олардың тікелей жұмыс істеуі мәселелері қарастырылмаған.

2. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Тұжырымдаманың мақсаты өнеркәсіп саласында жеке кәсіпкерлікті жедел дамытуға жәрдемдесу үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарта отырып , индустриялық аймақтарды ұйымдастыру үшін алғышарттар жасау болып т а б ы л а д ы .

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай міндеттерді шешу қажет: индустриалық аймақ ұғымын ашу (Қазақстанның жағдайына қатысты); қолда бар халықаралық тәжірибе негізінде индустриалық аймақтарды құрудың және олардың жұмыс істеуінің ұсынылатын шарттарын (өлшемдері) а й қ ы н д а у ;

индустриалық аймақтарды ұйымдастырудың кезеңдерін айқындау.

3. Индустриялық аймақтар ұғымы

Индустриялық аймақтар деп коммуникациялармен қамтамасыз етілген, мемлекет жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен беретін

ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жер түсініледі.

Жер учаскелері құрылу сәтінде мемлекеттік меншікте болуға және бюджет қаражаты, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған өзге көздер есебінен жеткілікті инфрақұрылымдық ресурстармен қамтамасыз етілуге тиіс.

Бұл ретте, инфрақұрылымдық ресурстар деп индустриялық аймақтың барлық қатысушыларының жылу және электр энергиясына, сумен жабдықтауға, кәрізге, көлік коммуникациясына, байланыс қызметтеріне және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті өзге де қызмет түрлеріне мұқтажын қамтамасыз ететін құрылыстар кешені түсініледі.

Индустриялық аймақтар инфрақұрылымдық ресурстармен қамтамасыз етілуден басқа мынадай сипаттамаларға ие болудың арқасында отандық және шетелдік инвесторлар үшін тартымды болуға тиіс:

жұмыс істеу және тұру үшін қолайлы жағдайлар;
коммуналдық қызметтер мен электр энергиясына шығындарды азайту;
магистралды көлік желілерімен және хабтармен қатар орналасу;
қажетті қуаттылықтың болуы;
басқа бейіндік кәсіпорындармен бірігу мүмкіндігі;
аймақты кәсіби басқару.

Әрбір индустриялық аймақтың мамандануы аймақтарды ұйымдастырудың мынандай мақсаттарына сәйкес айқындалады:

1. Өнеркәсіптің белгілі бір салаларын дамыту.
2. Белгілі бір өңірлерді дамыту.
3. Шағын және орта бизнесті дамыту.

4. Индустриялық аймақтарды құрудың және олардың жұмыс істеуінің ұсынылатын шарттары

Шетелдік тәжірибені ескере отырып, индустриялық аймақтардың тиімді жұмыс істеуінің мынадай шарттарын ұсынуға болады:

участкенің мөлшері - кемінде 30 га;
магистралдық коммуникацияларға дейінгі қашықтық - 20 км-ден аспайды;
негізгі көліктік бағыттарда орналасу;
дамыған және жеткілікті инженерлік инфрақұрылым;
кеңсе және қойма үй-жайларының жеткілікті санының болуы,
әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы мәселелерді шешу;
жұмысшы кадрлардың жеткілікті санының болуы.

Бұл ретте, аймақтардың аумағында мүмкіндігінше инженерлік инфрақұрылым объектілерін (электр беру желілері, жылумен, сумен жабдықтау, кәріз, байланыс), автомобиль жолдары мен темір жол кіреберіс жолдарын,

жалға беру, өзге де ілеспе қызметтер көрсетуден түсетін қаражат есебінен ұ с т а л а д ы .

Осылайша индустриялық аймақ менеджментінің негізгі міндеті:
меншік пен инфрақұрылымды қолдауға;
мүмкіндігінше аймақтарды өндірістермен барынша толтыруға және қатысушылармен тиісті шарттарды жасауға;
қатысушыларды коммуналдық және ілеспе қызметтермен қамтамасыз етуге;
жалға беруден түсетін кірістерді басқаруға және аймақты одан әрі дамытуға бағытталған рентабельді коммерциялық қызмет болып табылады.

7. Қорытынды ережелер

Осы Тұжырымдама салалардың, өңірлердің, сондай-ақ шағын және орта бизнестің дамуын экономикалық ынталандыру құралы ретінде индустриялық аймақтарды ұйымдастыруды неғұрлым кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, индустриялық аймақтарды құру жаңа өндірістердің инфрақұрылымын құру мен дамыту жөніндегі шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді .

Оның қатысушыларының экономикалық тиімділігін арттыру үшін индустриалық аймақтың аумағына өзара байланысты өндірістерді шоғырландыру

Индустриялық аймақтарды ұйымдастыру заңды бизнесті, кәсіпкерлікті дамытуға арналған экономикалық және ұйымдастыру жағдайын дамытуға мүмкіндік береді.